



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰРЫЛТАЙЫНЫҢ САЙЛАУЫН ТАҒАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасы Конституциясының 46-бабының 3) тармақшасына және 95-бабының 1-тармағына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау 2026 жылғы 23 тамызға тағайындалсын.
2. Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауға дайындықты және оны өткізуді ұйымдастырсын.
3. Қазақстан Республикасының Үкіметі, астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың әкімдері Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауды ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз ету жөніндегі барлық қажетті шараларды кідіріссіз қабылдасын.
4. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті Қ.Тоқаев

Астана, Ақорда, 2026 жылғы
1 шілде №1338

ШАЛҚАР АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ, ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ ЖӘНЕ ЖҰМЫС УАҚЫТЫ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

«Қазақстан Республикасы Құрылтайының сайлауын тағайындау туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 1 шілдедегі №1338 Жарлығына, «2026 жылғы 23 тамызға тағайындалған Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауды дайындау мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы 2026 жылғы 1 шілдедегі №26/41 қаулысына сәйкес Шалқар аудандық аумақтық сайлау комиссиясының құрамын, орналасқан жері және жұмыс уақытын хабарлаймыз.

Шалқар аудандық аумақтық сайлау комиссиясы
Орналасқан жері: **Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы, Шалқар қаласы, Әйтеке би көшесі, 63, № 21 бөлме, тел.: 8(71335) 23-6-41**
Комиссия төрағасы — **Бисеков Нұрбек Жантореевич**
Төрағаның орынбасары — **Муратов Ануарбек Ақмурзаевич**
Хатшысы — **Жұбанов Талғат Көлбайұлы**
Комиссия мүшелері:

Айтжан Айгүл Маратқызы
Бәшбаева Алтыншаш Жалғасханқызы
Нойыш Амандық Қонысбайұлы
Шектібаева Венера Қанатқызы

Аумақтық сайлау комиссиясының жұмыс уақыты:
күн сайын сағат 09:00-18:00, түскі үзіліс сағат 13:00-14:00
Шалқар аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰРЫЛТАЙЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУ ТУРАЛЫ

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Құрылтай депутаттары бес жыл мерзімге сайланады.

Құрылтайдың құрамына Сайлау туралы Конституциялық заңда белгіленген тәртіппен біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша партиялық тізімдер бойынша сайланатын 145 депутат кіреді.

Сайлау жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы өткізіледі.

Жиырма бес жасқа толған және елдің аумағында соңғы он жыл бойы тұрақты тұрып жатқан Қазақстан Республикасының азаматы депутат бола алады.

Партиялық тізімде әйелдердің, жастардың және мүгедектігі бар адамдардың жиынтық үлесі оған енгізілген адамдардың жалпы санының кемінде 30 пайызын құрауға тиіс.

Партиялық тізімде адамдарды орналастыру тәртібін саяси партиялар дербес айқындайды.

Жаңару үшін дауыс бер!

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы.

АЗАМАТТАРДЫ САЙЛАУШЫЛАР ТІЗІМДЕРІНЕ ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Сайлаушылардың тізімдерін тұрғылықты жері бойынша тиісті жергілікті атқарушы орган жасайды. Сайлаушылар тізімдеріне дауыс беру күніне отыз жасқа толған, белсенді сайлау құқығына ие және тұрғылықты жері бойынша тиісті сайлау учаскелерінің аумағында тіркелген Қазақстан Республикасының азаматтары енгізіледі.

Уақытша тіркелген азаматтар сайлаушылар тізімдеріне жергілікті атқарушы органға берген олардың өтініші негізінде дауыс беру күніне дейін отыз күннен кешіктірмей немесе 2026 жылғы 23 шілдеге дейін енгізіледі.

Әкімдік азаматты дауыс беретін сайлау учаскесінің сайлаушылар тізіміне енгізуді және оны тіркелген жері бойынша сайлаушылар тізімінен шығаруды ұйымдастырады. Азамат тек бір ғана сайлаушылар тізіміне енгізіле алады.

2026 жылғы 7 тамыздан бастап сайлаушыларға тиісті әкімдіктің интернет-ресурсы немесе байланыс орталығы арқылы нақты сайлау учаскесіндегі сайлаушылар тізімінде өзі туралы деректерді тексеру мүмкіндігі беріледі.

Сайлаушыларға қолайлы болуы үшін электрондық сервистер арқылы сайлау учаскесі туралы хабарландыру ұйымдастырылады.

Жаңару үшін дауыс бер!

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы.

ДАУЫС БЕРУ ҚҰҚЫҒЫН БЕРЕТІН ЕСЕПТЕН ШЫҒАРУ КҮӘЛІГІ

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Қазақстан азаматтары тиісті сайлау учаскелерінің аумағындағы тұрғылықты жері бойынша дауыс береді.

Сайлаушы өзінің болатын жерін ауыстырған кезде дауыс беру күніне он бес күн қалғанда немесе 2026 жылғы 7 тамыздан бастап учаскелік сайлау комиссиясына өз өтініші бойынша және жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігін ала алады.

Есептен шығару куәліктерін беру дауыс беру күнінен бір күн бұрын, яғни 2026 жылғы 22 тамызда жергілікті уақыт бойынша **сағат он сегізде** тоқтатылады.

Есептен шығару куәлігін сенімхат бойынша алуға рұқсат етіледі. Сенімхатты нотариатта куәландыру талап етілмейді.

Есептен шығару куәлігі жоғалған жағдайда ол қалпына келтірілмейді және оның телнұсқасы берілмейді.

Дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігі бір елді мекеннің шегіндегі басқа сайлау учаскесінде дауыс беруге қатысқысы келетін сайлаушыларға берілмейді.

Уақытша болатын жері бойынша сайлау учаскесінде дауыс беру кезінде учаскелік сайлау комиссиясы сайлау күні сайлаушыны жеке басын куәландыратын құжаттың негізінде сайлаушылар тізіміне енгізіп, есептен шығару куәлігінің орнына дауыс беруге арналған биолетенг береді.

Жаңару үшін дауыс бер!

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯСЫНЫҢ КҮШІНЕ ЕНУІНЕ ОРАЙ ҮНДЕУІ

Құрметті отандастар!

Жаңа Конституциямыздың заңды күшіне енуі — бүкіл еліміз үшін айрықша маңызды оқиға. Баршаңызды шын жүректен құттықтаймын! Бүгін тәуелсіз Қазақстан тарихының жаңа дәуірі басталады. Біз саяси-экономикалық реформалардың, ауқымды өзгерістердің және қарқынды дамудың даңғыл жолына түсеміз.

Осы ерекше күн еліміздің бүкіл саяси жүйесін, сондай-ақ мемлекеттің және азаматтық қоғамның негізгі институттарын түбегейлі жаңғырту кезеңі басталғанын аңғартады.

15 наурызда өткен жалпыұлттық референдумда Қазақстан халқы ел тағдырына тікелей ықпал ететін және мемлекеттің ондаған жылдарға арналған даму бағдарын айқындайтын таңдауын жасады. Миллиондаған отандасымыз бере-келі бірлік танытып, шынайы отаныңдылық пен жоғары жауапкершіліктің озық

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ
ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ
2026 ЖЫЛҒЫ 16 МАМЫРДАҒЫ
«КІТАП ОҚУ МӘДЕНИЕТІН
ДАМУЫ ЖӘНЕ ЗЕРДЕЛІ ҰЛТ
ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ
ШАРАЛАР ТУРАЛЫ» ЖАРЛЫҒЫ
— ЕЛДІҢ РУХАНИ КЕЛЕШЕГІНЕ
БАҒЫТТАЛҒАН ТАРИХИ МАҢЫ-
ЗЫ ЗОР ҚҰЖАТ. ҚАЙ ЗАМАНДА
ДА АДАМЗАТТЫҢ РУХАНИ
ТІРЕГІ — СӨЗ, АЛ СӨЗДІҢ
МӘҢГІЛІК МЕКЕНІ – КІТАП.
ҚАЗІРГІ ТАҢДА КІТАПХАНА-
ЛАР БҰРЫНҒЫДАЙ КІТАП
САҚТАЙТЫН ОРЫН ҒАНА
ЕМЕС, БІЛІМ МЕН ПАРАСАТ-
ТЫҢ, ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ
ІЗДЕНІС ПЕН ЖАҢАШЫЛ
ИДЕЯЛАРДЫҢ ОРДАСЫНА
АЙНАЛЫП КЕЛЕДІ. СОНДЫҚ-
ТАН ОҚЫРМАННЫҢ КІТАПҚА
ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН
ОЯТУ, ТҰРАҚТЫ ОҚЫРМАН
ҚАТАРЫН АРТТЫРУ — КІТАП-
ХАНАШЫЛАРДЫҢ БАСТЫ
МІНДЕТІ.

Осы тұрғыдан алғанда кітапхана саласында отыз жылдан астам тәжірибесі бар, Шалқар қаласындағы №2 қалалық кітапхананың кітапханашысы, «Мәдениет саласының үздігі», «Қазақстанның құрметті кітапханашысы» төсбелгілерінің иегері Роза Әбдікованың көпшілікке үлгі болар қырлары көп.

Талай өзіміз де куә болғандай Роза Жәдігерқызы тізгіндеген әрбір іс-шара қатысушылардың көңіл төрінен орын алады. Оның биязы мінезі, байыпты болмысы, нәзік те әсерлі үні оқырманға бір жайлылықтың лебін әкеледі. Ұйымдастырған әрбір кездесулерінде еркін пікір алмасуға жағдай жасап, қатысушы меймандарға мәнді сұрақтар қою арқылы ойлы әңгіме өрбітеді. Рухани құндылықтарды арқау еткен осындай басқосуларда ол әр оқырманының жан дүниесіне бойлап, кітапқа шын жанашырларды алыстан таниды. Оның осы қасиеттерінен өз мамандығына деген кіршіксіз адалдықты, кітап оқу мәдениетін орнықтыру жолындағы берік ұстанымын аңғарасыз.

Биылғы жылдың басында Роза Жәдігерқызының тікелей бастамасымен құрылған «Qazaq Aura» кітап оқу клубы — сондай игі ізденісінің іргелі нәтижесі. Аз ғана уақыт ішінде клубтың іргесі нығайып, жүйелі жұмыстары арқылы оқырмандардың ыстық ықыласына бөленген. Бүгінде бұл клуб — жергілікті кітап сүйер қауымның басын қосатын, ұлттық әдебиет пен рухани құндылықтарды дәріптейтін тағылымды ортаға айналып келеді.

— Аталған клубты құру — оқырмандарымыздың сұранысынан туған игі бастама, — дейді Роза Жәдігерқызы. Әрдайым ол бұны жалқының емес, жалпының тілегі мен ортақ еңбегінің нәтижесі деп біледі.

Алғашында 20 оқырманмен жұмысын бастаған «Qazaq Aura» клубының бүгінде 60-тан астам тұрақты мүшесі бар. Оның басты мақсаты — кітап оқитындар қатарын көбейтіп, ұлттық әдебиет пен рухани құндылықтарды кеңінен



насихаттау, сондай-ақ, жас ұрпақтың бойына оқу мәдениетін қалыптастыру.



— Ең алдымен кітапты тұрақты оқитын белсенді оқырмандармен жеке-жеке кездесіп, клубты құрудың мақсаты мен міндетін жан-жақты талқыладық. Кейін әлеуметтік желілерден арнайы парақшалар ашып, ортақ байланыс үшін «Qazaq Aura» чатын құрдық. Клубтың алғашқы әдеби кешін ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың мерейтойына арнап, «Өлеңмен өрнектелген өмір» атты әдеби-сазды кешпен бастадық. Алғашқы қадамымыздың Мұқағали поэзиясымен сабақтасуы біз үшін ерекше сәттілік болды. Өйткені поэзия падишасы Фариза Оңғарсынова: «Мұқағали Мақатаев — қазақ тарихындағы ең көп оқылатын, қалың халықтың сүйікті ақыны», — деп жоғары баға берген ғой.

2025 жылғы жалпыұлттық «Таңдаулы 100 кітап» сауалнамасына енген шығармаларды негізге алып, ай сайын бір кітапты бірге оқып, мазмұнын жан-жақты талдауды дәстүрге айналдырдық. Қазір кітап талқы форматын клуб мүшелеріміз өздері таңдап, қызықты форматта ұйымдастырып жүр. Әр кітап бір ай көлемінде оқылып, белгіленген күні ортақ талқыға салынады. Бүгінде «Qazaq Aura» клубын-

үлгісін көрсетті. Бұл тарихи шешімнің төл шежіремізде алтын әріппен жазылатыны анық.

Бұдан былай Конституция күні «Наурызнама» онкүндігімен қатар аталып өтеді. Мұның символдық мәні зор. Конституция күні ел ішінде ғасырлар бойы орныққан көктемгі жаңару дәстүрлерін Ата заңның басты қағидастарымен тоғыстырады, яғни азаматтарымыздың ырысты ынтымаққа, озық білімге, ел игілігі жолында адал еңбек етуге деген талпынысымен үндеседі.

Біз нағыз Халық Конституциясының мызғымас құқықтық негізіне арқа сүйеп, барлық мақсат-мұраттарымызға міндетті түрде жетеміз. Заң мен Тәртіп, Еңбексүйгіштік пен Өрлеу, Тазалық пен Табиғатты аялау сынды жасампаздық құндылықтарын қоғамда берік орнықтырамыз. Бұған еш күмәнім жоқ.

Біз бірлігі бекем, біртұтас ұлт ретінде әлемдік өркениеттің шыңын бағындырып, баршаға бірдей мүмкіндік беретін және барлық азаматтың жан-жақты дамуына жол ашатын мемлекетті — Әділетті Қазақстанды құрамыз!

Қастерлі Отанымызды көркейту жолындағы жоспарларымызды ойдағыдай орындаймыз. Мен бұған көміл сенемін!

Қазақстан Республикасы жасай берсін!

Халқымыз мәңгі жасасын.

1 шілде, 2026 жыл

САНАҒА СӘУЛЕ ҚҰЯР «QAZAQ AURA»

да 20 жастағы жастардан бастап, жетпісті еңсерген зейнеткерлерге дейін белсенділік танытуда. Олардың қатарында бала тәрбиесімен отырған аналар, ұстаздар, ауыл шаруашылығы, спорт, мәдениет және басқа да салалардың мамандары да бар. Соңғы уақытта мемлекеттік қызметшілер де клуб жұмысына қызығушылық танытып, қатарымызға қосылуға ниет білдіруде. Ал мектеп оқушылары әрбір әдеби кездесудің құрметті қонағы ретінде қатысып, рухани ортадан тағылым алады, — дейді кітапханашы Роза.

Клубқа қабылдануға ешқандай шектеу жоқ. Ең басты талап — кітапқа деген ықылас пен рухани ізденіске деген құштарлық. Мұнда аға буынның өмірлік тәжірибесі мен оқырмандық пайымы кейінгі буынға өнеге болып, әрбірінің ойы мен тілегі ерекше бағаланады. Ай сайын талқыланатын кітаптар да оқырмандардың ұсынысы мен көпшіліктің дауыс беруі арқылы таңдалады.

Мәселен, ақпан айында Мұқағали Мақатаевтың жылрылы оқылып, жан-жақты талданса, наурыз айында Ғабит Мүсіреповтің «Ұлпан» романы клуб мүшелерінің ортақ оқуына ұсынылған. Одан кейінгі отырыста №3 орта мектебінің директоры, клубтың белсенді мүшесі Айғаным Ізтілеуова мен осы мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Гүлзира Жайылғанова классик жазушы Тахауи Ахтановтың «Шырағың сөнбесін» романын талқылауды ортаға салыпты. Кейін Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айша» шығармасы Ә. Жангелдин атындағы орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Жанар Насамбаеваның бастамасымен оқылса, Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» шығармасын клубтағы ер азаматтар атынан Жаңақоныс ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы Мәулімнияз Шынболатов пен

№6 орта мектептің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Әлібек Пұсырманов оқуға кеңес берген.

Кітапты оқып, талқылау шығарманың мазмұнына, тақырыбы мен ерекшелігіне қарай түрлі форматта өтеді. Кейде қатысушылар жас ерекшелігіне қарай топтарға бөлінсе, кейде еркін пікірталас, мазмұнына қарай сахналық қойылым немесе шығармашылық кездесу түрінде болады. Мұның бәрі кезекті кітап талқыны ұйымдастырушының ізденісі мен қатысушылардың қызығушылығына байланысты. Мәселен, заңғар жазушы Тахауи Ахтановтың «Шырағың сөнбесін» романын талқылауға қатысушыларға ақ және қара түсті киім үлгісімен келу ұсынылған. Бұл таңдау арқылы олар өмірдің ағы мен қарасын, жақсылық пен жамандықты қатар танып, тағдыр сынағына төтеп беруді көздеп, романдағы басты кейіпкер Нәзіраның күрделі де қайшылықты өмір жолын бейнелеуді мақсат еткен.

Алдағы уақытта клуб мүшелері арт-терапия форматындағы ерекше кездесуде Оралхан Бөкейдің «Атау кер» повесін талқыламақ. Сонымен қатар жастарды, үйде отырған аналарды және ер азаматтарды кітап оқу мәдениетіне көбірек тарту үшін бұндай кітап талқыларды жаңа форматта, түрлі қоғамдық кеңістіктерде өткізу жоспарларында бар.

«Кітапты бірге оқып, бірге талқылау — оқырманды ғана емес, ойлай білетін қоғамды қалыптастырады» деген ұстанымды берік ұстанған «Qazaq Aura» клубының мүшелері ай сайын өткізетін осындай басқосулар жергілікті ортада оқу мәдениетін нығайтып, кітапсүйер қауым қатарын арттыратынына көміл сенеді.

Жалпыға оқу мәдениетін орнықтырып, рухани бейнесін биіктетуді мұрат еткен кітапханашы Роза Жәдігерқызы бас болған клуб мүшелерінің бұл ізгілікті қадамын өзгелер де іліп әкетсе, қанекей!

Мұхтар МЫРЗАЛИН.